

Шетелде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендияларын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 Қаулысы

Қазақстан Республикасының экономикасы нарықтық қатынастарға көшіп, халықаралық байланыстар кеңейген жағдайда тиісті білімі бар кадрларға деген ділгерлік барынша өсе түсті, осыған орай даярлығы неғұрлым жоғары жастарды шет елдердің маңдайалды оқу орындарына оқуға жіберу мейлінше өзекті сипат алып отыр.

Осы қызметке қаржылық жағынан қамту жасау, кандидатураларды іріктеуді жүзеге асыру және білім саласында халықаралық байланыстарды үйлестіру мақсатында қаулы етемін:

1. Дарынды жастарды АҚШ-тың, Ұлыбританияның, Францияның, Германияның және басқа елдердің маңдайалды оқу орындарында оқыту үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы белгіленсін. Стипендиялардың мөлшері студенттерді шетелдердің тиісті оқу орындарында оқыту құнының деңгейінде көзделсін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1994 жылдан бастап жыл сайын осы мақсатқа арнап қажетті валюта қаражатын бөлетін болсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2000.10.12. N 470 Жарлығымен

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылған - ҚР Президентінің 1997.03.03. N 3375 жарлығымен .

3. *Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.02.08. N 531 Жарлығымен.*

4. Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі Республикалық комиссияның қызметін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне жүктелсін .

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2000.10.12. N 470 Жарлығымен , 2005.05.04. N 1569 Жарлығымен .

5 . < * >

Ескерту. 5-тармақ күшін жойды - ҚР Президентінің 2000.10.12. N 470 Жарлығымен

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК